



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

**PROCEEDINGS**

of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

4. Қазақ өнерінің тарихы. – 3 томдық. (Ежелгі дәуір, I том)-Алматы, “Өнер”, 2007. -352 б.
5. Қазақ өнерінің тарихы. – 3 томдық. (XIX ғасыр және XX ғасырдың бірінші жартысы, III том, 1-кітап). –Алматы: “Өнер”, 2008.- 608 б.
6. Ынтықбаева А.Қ. Құрманғазы күйлерінің шығу тарихы//el.kz/blogs/entry

УДК 140

## **ДІНИ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕРДІҢ РӨЛІ**

**Мамбетов Ербол Абдурахитович**

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 1-курс магистранты,  
Астана қ. Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - А. Кабылова

Қазіргі таңда дін төңірегіндегі мәселелер әлемдік деңгейде өзекті тақырыптардың біріне айналғаны мәлім. Дін атаулысын саясатқа араластыра, саяси процестің айырықша белең алу себебі – дінаралық қақтығыс ошағындағы қозғаушы күші десек артық кетпеспіз. Өкінішке орай, әлем назарын өзіне аударып жатқан қақтығыстар, локальді соғыстар мен мемлекеттік дәрежедегі саясат дін ұғымымен тығыз байланыстырылуда. Мысалға айтар болсақ Таяу Шығыстағы жағдайлар, Сирия мен Ауғанстан мәселесі, Пәкістанмен Үндістан қарым-қатынасы, сонымен қатар ішінара бой көрсеткен саяси құралға айналған діни ұйымдарды жатқызуға болады.

Жаһандық деңгейде аса күрделі болып отырған бұл келеңсіздіктер Қазақстанды да айналып өтпесі анық. Әлемдегі саяси жағдай татулықтың отаны саналатын қазақ даласының бейбітшілігі мен татулығының бұзылуына қауіп туғызуда. Олай деп айтуға негіз болар айғақтарда да жетерлік.

Бүгінгі күні ежелден сан алуан мәдениет пен өркениеттің тоғысы болған қазақ даласында қазақтың кең пейілі, тарихи төзімі мен ұлтаралық татулығы арқасында, егеменді елде саяси тұрақтылық берік орнап, этникааралық татулықта жүз отыздан астам ұлт өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешуде. Қазақ жұрты өзінің ерекше кең пейілділігінің арқасында елдегі ұлттар пен ұлыстың басын қосып егеменді ел бола алатынын көрсете білді. Осы аталмыш өнегемізді бүгінде әлемнің сарапшылары мен халықаралық ұйымдары басты жетістігіретінде мойындаған-ды. Бұл бүкіл елдің абырой беделін биікке көтеріп, мемлекеттің негізі болған қазақ ұлтының пәрмені мен парасатын дүниежүзіне паш етті.

Осы орайда ҚР Президенті ІХ Еуразия Медиа Форумында: «Қазақстан еуропалық тәжірибеге сүйене отырып, қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың жаңа үлгілері мен құрылымдарын іздейді, әрі құрады. Бүгінде біздің тәжірибеміз Батыс пен Шығыс елдері үшін тартымды»[1]– деген сөзі еліміздегі қазіргі дінаралық және ұлтаралық кепілдігі екенін нақтылай түседі.

Дін – дәстүр болымысымен ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалыптасып, дін мен дәстүр үндестігі заңдылыққа айналды. Кез-келген халықтың мәдениеті мен өмір сүру салтының басты қайнары – дін. Сондықтан да қоғамның рухани, мәдени болмысы дінмен тығыз байланысты және діннен тыс болуы мүмкін емес. Ал, бұл дегеніміз кез-келген халықтың тарихи тұрақтылығына діннің шешуші рөл атқарып, рухани, мәдени өркендеуінің көкжиектерін айқындайтын ең басты дәйегі болмақ.

Терең тарихынан әр түрлі дінге бөлінбей, ата-бабаларымыз ұстанған дәстүрлі ислам маңызы орасан зор еді. Дегенмен, халқымыз үшін бүгінде дәстүрлі емес діни және дін атын жамылған ағымдар мәселесі өзекті мәселеге айналды. Көзсіз көбелектей жастарымыздың теріс ағымдардың жетегіне еріп, қоғамда кері әсерін тигізді. Бүгінгі күні жастарымыз сыртқы күштердің ықпалында кетіп, дәстүрлі дін жолына қарсы тұрып, өз бағыттарына тартуға

тырысып бағуда. Мұндай ұлттық табиғатымызға жат келеңсіздіктерден бойымызды аулақ салуда ұлтаралық татулықты сақтай отырып, діни сауаттылыққа көңіл бөлу басты мәселе.

Толеранттық сана мен мінез-құлықты қалыптастыруға қатысты психологиялық көзқарастарды теориялық талдау, бізге толерантты мінез-құлықты, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастыруда осы үдерістің білімдік және тәрбиелік бағыттарымен байланыстылығын көрсетеді.

Дәстүрлі діни толеранттылық мәнін ашпас бұрын, «діни толеранттылық» ұғымының анықтамасына тоқталғанымыз жөн болар.

Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын деген және адамдар арасында өзара сыйластықты, мейірбандықты білдіреді. Сондықтан, толеранттылық екі жақты ұғым: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір-біріне шапағат жасай білуі мен төзімділігі. Білім беру жүйесінде «Менталитет» және «толеранттылық» категориялары байланысты. Өйткені, ол адам мен социумның менталдық қасиеттерін белсенді әрі мақсатты қалыптастырады.

Толеранттылық түсінігі латынның «шыдау», «төзу», «көндігу» түсініктерін беретін «tolero» етістігінен шығады.

Қазіргі шетел сөздерінің сөздігінде толеранттылық «tolerantia» деген латын терминінен алынған ұғым, біріншіден, ағзаның кез-келген бір улы заттың қолайсыз жағдайына төзімділігі, екіншіден, басқаға қатысты шыдамдылық, жұмсақтық деп көрсетілген [2, 63-б.]. Сонымен қатар, «толеранттылық» (лат. «tolerantia» - шыдам, төзім) терминіне шет тілдері сөздігінде екі мағынада түсініктеме беріледі:

Бірінші: бір нәрсеге, өзгеге төзімділік, төзу, шыдау;

Екінші: биологиялық, медициналық тұрғыда – иммундық реакцияның жартылай немесе толықтай болмауы, яғни организмнің ауруға қарсы тұратын антиденелер шығару қабілетінің болмауы. Ал педагогикалық сөздіктерде бұл ұғымға «қайсыбір жағымсыз факторға жауап әрекеттің болмауы не бәсеңсуі; оның әсеріне сезгіштіктің төмендеуінің нәтижесі» деген анықтама беріледі [3, 45-б.].

«Толеранттық» ұғымына байланысты нақты бір анықтама беру қиындық тудырады. Дегенмен, араб тілінде Tasamuh сөзі –төзімділік, кешіру, мейірімді болу, көңілді болу және басқаларына мейірімділікпен қарау. Ал түрік тілінде Hoşgörü – шыдамдылық таныту, сабырлы болу, түсіністікпен қарау, кейде кешірімшіл болу деген сияқты анықтамалар берген [4, 56-б.].

Бүгінде, Қазақстан көпұлтты, көпконфессионалды мемлекет болғандықтан, зерттеп-зерделеу жұмысымызда «толеранттылық» ұғымының мәнін аша отырып, дәстүрлідіндердің маңыздылығын пайдалану жолымен жағымды этникалық сәйкестендіруді қалыптастыру мәселелері қызығушылығымызды арттыра түсті. Ендеше, толеранттық ұғымына тікелей қатысы бар дін сөзіне түсіндіре кететін болсақ, дін – Жаратушы тарапынан Пайғамбарлары арқылы жеткізілген, өзіндік тарихи жолдарымен қалыптасқан, өзіндік жүйесімен әлемдік ортаға, қоғамға, мемлекетке қауіпті салдары болмайтын негіздер жиынтығы [4].

Бүгінгі көпұлтты, түрлі этникалы Қазақстанның әртектілік жағдайында әлемді алаңдатып отырған ұлтаралық, дінаралық қақтығыстарға ұшырамай, халықтардың бейбіт, қатар өмір сүруіне мүмкіндік беретін күш «толеранттылық» ұғымы осы жерде маңыздылыққа ие болады. Жалпы алғанда, толеранттылықтың негізі – өзінің «басқаға, бөтенге» қатынасын бақылау болып табылады. Бұл күнделікті кездесетін, тұрмыстық деңгейден бастап, кәсіби қарым-қатынас жасауға дейінгі аралықты қамтитын мәселе екені мәлім. Осы бағытта беріліп тұрған толеранттықтың анықтамалары ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне баулудың, адамгершілік, жеке тұлғаның адами көзқарастарын қалыптастырудағы қажеттілік екендігіне назар аудартады. Сонымен қатар, толеранттылық өзгенің ойы-өрісі мен көзқарасына, құндылықты ұстанымдарына, сеніміне, әдет-ғұрпына төзімділікпен қарауды ұйғарады. Демек, толеранттық әртүрлі діндер мен мәдениеттер, дәстүрлер тоғысқан ортада орын алатынын байқаймыз. Осылайша, толеранттықты

адамдардың діні мен дәстүрінен, дүниетанымы мен мәдениетінен туындайтын қайшылықтар мен қақтығыстарды шешудің тәсілі деп те қарастыруға болады.

Түйіндей келгенде, діни толеранттық ұғымын кеңінен қарастыра ислам дінінің бейбітшілік тұғырын нақтыладық.

Осы орайда, толеранттылық ұғымына Қазақстан Мұсылмандары Діни Басқармасының төрағасы, Бас муфти Е.Маямеров: «Халқымызда: «Бірлік – береке бастауы», – деген нақыл бар. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы да өзінің сан-салалы қызметін Мемлекет басшысының ішкі-сыртқы салиқалы саясатына қолдау білдіре отырып, көп ұлт пен ұлысты еліміздің ынтымағы мен бірлігін күшейте түсуге бағыттап отыр. Өйткені, дін адамдары қашанда бейбітшілік, әділдік, имандылық туын көтерушілер қатарынан табылуы ләзім. Алла тағала адам баласына бейбітшілік пен әділдікті сый етті. Олай болса, Жаратушы Иеміз сыйының бағасын біліп, қастерлеуге тиіспіз.

Қазақстан халқының жетпіс пайызын құрайтын жиырма жеті ұлт пен ұлыстан тұратын мұсылмандар ел бірлігі мен ынтымағына тиісінше үлес қосып, мақсаты мен мүддесі ортақ өзге отандастарына жан-жақты үлгі. Осыған орай мешіт діндарлары мен жамағатына артылар жауапкершілік жүгі ауыр да абыройлы.

Ұлттар мен ұлыстараралық ынтымақ пен бірлікті арттыруда қалыптасқан конфессияаралық өзара түсіністік пен сыйластықтың игі ықпалы күшті. Ислам діни мемлекетте, қоғамда тыныштық әділдік болуын көздейді. Адамды соған тәрбиелейді. Олай болса, біз таза діни істерден басқа осындай ұлы мұраттарды да нысана етуіміз керек. Өйткені, адам баласы қайырлы да ізгі ісімен ғана Жаратушыға жақындайды. Ендеше, баршаңызды сауапты да жауапты жұмыстарды бірігіп жасауға шақырамын», - дей отырып, Қазақстан Республика мұсылмандарын татулық пен бірлікке үндеп отыр[6].

Әлемдік дәстүрлі діндер санатындағы христиан дінінің толеранттық принциптерінің аздығын тарих сахнасында көрініс тапқан крест жорықтарынан көруге болады. Алайда, киелі кітаптары – Інжілде Исаның «Өз жауларыңды жақсы көріңдер», «Жақыныңды жаныңдай сүй» деген өсиеттерінде адамдардың бір-біріне деген қатынастарының императивті үлгісі көрініс тапты. Будда дінінде де зұлымдықты зұлымдықпен жеңуге болмайтыны айтылады. Христиан діни адамның табиғатындағы қайшылықтың көзін ашып, оны бастапқы күнәһарлық көрінісімен байланыстырады[7]. Адамның күнәһарлығы барлық жамандық атаулының бастауы. Ал күнәһарлық Құдайдың өсиетінен ауытқып, шайтанның азғыруына бой алдырудан туындайды. Күнәдан тазару асқан рухани қажырлықты, мұқалмас жігерді қажет етеді. Христиан діни Иса өсиеттеріне берік болу арқылы адамзат табиғатының кемелденіп, пәктікке жете алатынын алға тартады.

Қорыта келгенде, дін ғасырлар бойы рулық, тайпалық, ұлттық, қауымдық бірегейліктің негізі болып келді, бүгінгі күні десолай болып отыр. Алайда, қазіргі заманның бірқатар ерекшеліктері мұндай шектелген бірегейлік ауқымынан шығуды талап етеді. Соның негізгілеріне ғана тоқталып өтейік. Біріншіден, қазіргі заманғы дін өкілдері де адамның ой еркіндігін, көзқарастары мен құндылықтарын бір қалыпқа түсірудің мүмкін еместігін мойындап отыр. Сондықтан діни ілімдердің қақтығысы мен қарама-қарсы тұруы діни плюрализм мен ар-ұждан бостандығы құндылықтарына орын беруде. Екіншіден, шектен тыс секуляризация үдерісі адамзаттың рухани келбеті мен саулығына қауіп төндіруде. Үшіншіден, қазіргі өркениеттің дамуы адамзат қауымдастығына тіршілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ортақ құндылықтар мен принциптерді қалыптастыруды және оларды халықаралық қатынастардың іргетасына айналдыруды талап етуде.

Күш қолдану, зорлық-зомбылық, үрейлендіру түйткілденген мәселелерді шешудің құралы мен тәсілі ретінде өз мүмкіндігін сарқып барады. Барлық соғыстар мен қақтығыстардың келісіммен аяқталатыны белгілі. Сондықтан қай деңгейде болмасын жағдайды ушықтырмай шешудің жолдарын іздеген абзал. Толеранттылық құндылығын орнықтыру осындай қадамның алғышарты мен іргетасына айналуы қажет деп санаймыз.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. IX Еуразия Медиа Форумында сөйлеген сөзі //Гид по конференции Девятый Евразийский Медиа Форум. -Алматы, 2010. -2-4 бб.
2. Словарь иностранных слов. -Москва: Русс.язык, 1988. -624 с.
3. Үлкен кеңес энциклопедиясы. -Алматы, 1979-2001.
4. Reardon, Betty A. (2000). Hosgoru: Baręyoa Azęlan Kapę 1 (Eritici Eritimi Ezin Kaynak Kitap). Sev. Tuba ArsakveNurZiyal. Ankara: TurkiyeęnsanHaklaręKurumu. (Oriđinal Basęm1997).
5. С.Тәжібаев. «Діни экстремизм – діннің тұтастығын бұзатын және ұлттық алауыздыққа бағытталатын әрекет». «Экстремизм дегеніміз не?». Алматы 2014. 90-б.
6. Е.Маямеров. «Қазақстан – ортақ отанымыз». Қазақстан біздің ортақ үйіміз. Халықаралық конференция. 90-б.
7. ТұрғынбаеваБ. Толеранттық бейбітшілікке апаратын жол. Әдістемелік ұсыныс. – Семей, 2011.

УДК 113

### СОВРЕМЕННЫЙ ВЗГЛЯД НА ИДЕЮ ОГНЯ В ФИЛОСОФИИ ГЕРАКЛИТА

**Мусадиллов Чингис Султанмахметович**

*[musadilov.pavlodar@gmail.com](mailto:musadilov.pavlodar@gmail.com)*

Студент 1-го курса специальности Международное право

Университет «КАЗГЮУ», Астана, Казахстан

Научный руководитель – Умирзакова Л.А.

В истории античной философии, разные школы и их представители пытались объяснить, что лежит в основе мироздания. Представитель города Эфес, Гераклит, выделился своим учением, предоставив новую трактовку стихийного материализма. Он отличился своим трудом «О Природе», от которого сохранилось около 130 фрагментов. Одной из основных тем философии Гераклита (ок. 530-470 до н.э.) явился, выдвинутый им принцип, что «все течет» (панта реи). В мире нет ничего неподвижного, все подвергается изменениям и «в одну и ту же реку нельзя войти дважды». Согласно учениям Гераклита, первоосновой, первоначалом всего сущего является огонь, который и является образом вечного движения. По его мнению, огонь так же регулятор изменений. Огонь, как душа Космоса, предполагает разумность и божественность [1, с.31]. В наше время, несмотря на многообразие философских школ, которые увеличиваются со временем, в философии Гераклита остаются «белые пятна», неизученные, и не поддающиеся изучению ввиду сложности и отсутствия научной достоверности его теории и доктрин. Свою роль в упадке интереса к философии Гераклита также сыграла Элейская школа, которая на основе философии Гераклита выстроила свою противоположную позицию.

Со времен происхождения истории человечества и по сей день, было открыто, изучено и доказано множество разных научных достижений, которые кое-каким образом имеют причинно-следственную связь с философией Гераклита. Цель статьи – рассмотреть современные открытия и исторические данные, которые связаны с «огнем», и объединить это с идеей Гераклита. Онтологические вопросы в статье — это фундаментальные вопросы философии как: Что такое бытие? Что значит существовать? Что такое небытие? Что лежит в основе мироздания? Под актуальностью статьи можно понимать наличие проблемы, что человечество не обращает внимание на то, что любое событие в истории может в той или иной области отвечать на фундаментальные вопросы философии как науки.

В данной статье под огнём подразумевается, как пожар, костер, тепло, ядро. По словам А.Н. Чанышева, для древних народов огонь был веществом наряду с землей, водой и воздухом. Люди тогда не понимали, что огонь – это не вещество, а процесс окисления с